

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге шот-фактуралар көшірмесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы N 42 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1752. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

2
3

4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Министр

Б.Жәмішев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

М и н и с т р д і ñ

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

9

қ а ñ т а р д а ғ ы

№ 5 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

6. "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге шот-фактуралар көшірмесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы № 42 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1752 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында жарияланды, 2002 ж., № 16, 579-құжат).

.....

"Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" К010209_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (

Салық кодексі) сәйкес БҰЙЫРАМЫН: 1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге шот-фактуралар көшірмесінің ережесі бекітілсін. 2. Әдістеме департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін. 3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі. Министр
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс Министрінің 2002 жылғы 16 қаңтардағы N 42 бұйрығымен
б е к і т і л д і

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге шот-фактуралар көшірмесінің ережесі

Осы Ережелер "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" К010209_ Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 242-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және өз өндірісінің ауыл шаруашылығы өнімдерін немесе оны ұқсату өнімдерін өткізу кезінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге (бұдан әрі - салық төлеушілер) шот-фактуралар көшірмесінің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

1. Шот-фактуралар көшірмесінің тәртібі

1. Салық төлеушілер осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша шот-фактураларды жазып береді.

2. Шот-фактура екі бөліктен тұрады: негізгі және түбіртек.

3. Салық органында шот-фактураларды тіркеу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) салық төлеушілер патент негізінде салық салудың оңайлатылған режимін қолдануға өтініште шот-фактуралардың санын көрсетеді;

2) салық органында шот-фактуралардың бланкалары өзара қыстырылады және нөмірленеді. Шот-фактураның нөмірі әрбір бланкіде шот-фактураның екі ж а ғ ы н а қ о й ы л а д ы ;

3) салық органы шот-фактураның түбіртегіне патент құнының есебі кезінде мәлімделген болжанған жиынтық жылдық кіріс бойынша Салық кодексінің 388-бабына сәйкес есептелген қосылған құн салығының сомасын жазады;

4) шот-фактураның әрбір бланкасына салық органының басшысы немесе оның орнын ауыстыратын тұлға қол қояды, сондай-ақ салық органының мөрімен
р а с т а л а д ы ;

5) Патенттерді тіркеу (беру) журналында қосылған құн салығымен шот-фактураларды жазып беруге құқығы бар салық төлеушілердің шегінде қосылған құн салығының жалпы сомасын көрсете отырып тіркелген шот-фактуралардың саны тіркеледі.

4. Салық төлеушілер пайдаланылған тіркелген шот-фактуралардың түбіртектерін есептіден кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей оларды берген салық органына міндетті тәртіпте тапсыруға тиіс.

Егер салық төлеуші қосылған құн салығының есептелген сомасын толық пайдаланбаған жағдайда, онда пайдаланылған шот-фактуралар түбіртегін бергеннен кейін қосымша шот-фактураларды тіркеуге құқығы бар.

Егер салық төлеуші мұндай құқықты пайдаланбаған жағдайда, онда есептіден кейінгі жылдың 20 ақпанынан кешіктірмей салық кезеңінің (жылының) аяқталуы бойынша шот-фактуралардың пайдаланылмаған бланкілерінің қалғанын оларды берген салық органына міндетті түрде тапсыруға тиіс.

2. Шот-фактураларды жасау

5. Шот-фактураның негізгі бөлігінде мыналар көрсетіледі:

1-жолда - шот-фактураның нөмірі және оны толтырған күн;

2-жолда - жеткізушінің СТН;

2а-жолда - құрылтайшы құжаттарға сәйкес жеткізушінің толық атауы және
з а ң д ы м е к е н - ж а й ы ;

2б-жолда жеткізушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің сериясы, нөмірі және берілген күні;

2в-жолда - бюджетке салық төлейтін жеткізуші негізінде патенттің нөмірі, сериясы және берілген күні;

2г-жолда - жеткізушінің есеп айырысу шотының нөмірі және осы есеп айырысу шоты ашылған банктің (кейбір банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдар) атауы ;

3-жолда - сатып алушының СТН көрсетіледі. Егер сатып алушының орналасқан орны басқа мемлекет болып табылса, сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес СТН көрсетіледі ;

3а-жолда - құрылтайшы құжаттарға сәйкес сатып алушының толық атауы және заңды мекен-жайы. Егер сатып алушы жеке тұлға болса, онда жеке тұлғаның аты-жөні және оның тұрғылықты жерінің мекен-жайы көрсетіледі ;

4-жолда тауарларды сатуға жеткізуші мен сатып алушы арасында жасалған

шарттың (келісім-шарттың) нөмірі және күні;

4а-жолда - тауарларды сатуға шартқа (келісім-шартқа) сәйкес сатып алушының сатып алынған тауарларға ақы төлеу шарты (аванс, алдын-ала төлеу, мерзімі ұзартылған төлем, касса, арқылы қолма-қол ақшамен есеп, тауар айырбастау (баспа-бап) бойынша қолма-қол емес тәртіптегі есеп және т.б.);

5-жолда - сатылатын тауарлардың нысаналы пункті;

6-жолда - сенімхаттың нөмірі және күні (егер тауарларды сату жеткізушінің сенімхаты бойынша жүзеге асырылса, көрсетіледі);

7-жолда - тауарларды жіберу тәсілі (көлік түрі);

8-жолда - тауар-көлік жүк құжаты көшірмесінің нөмірі және күні (Қазақстан Республикасының кеден аумағы шегінде тауарларды өткізу кезінде міндетті);

9-жолда - тауарларды жіберуді жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) СТН, толық атауы және заңды мекен-жайы;

10-жолда - тауарларды алуды жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) СТН, толық атауы және заңды мекен-жайы. Егер тауарларды алуды жүзеге асыратын ұйымның (жеке тұлғаның) орналасқан орны басқа мемлекет болып табылса, сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес СТН көрсетіледі.

6. Кестеде шот-фактураның негізгі бөлігі мынадай көрсетілуі тиіс:

1-бағанда - реттік нөмірі;

2-бағанда - меншік өндірістің ауыл шаруашылығы өнімінің немесе оларды ұқсату өнімі тауарларының атауы;

3-бағанда - осы тауар бойынша бірлігін (килограмм, тонна, центнер және т.б.) ө л ш е у г е а л ы н ғ а н ;

4-бағанда - оның бірлігін өлшеу бойынша алынғанды ескере отырып тауардың шот-фактурасы бойынша сатылатынның (тиелетіннің) саны;

5-бағанда - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қосылған құн салығын есепке алмай бірлігін өлшеуге шарт (келісім-шарт) бойынша тауардың құны. Егер тауарды сату сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) бойынша жүзеге асырылса, тауардың бірлігін өлшеу бағасы осы шарттың (келісім-шарттың) в а л ю т а с ы н д а к ө р с е т і л е д і ;

6-бағанда - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қосылған құн салығы есепке алмайтын салық салынатын айналым. Егер тауарларды сату сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) бойынша жүзеге асырылса, салық салынатын айналым осы шарттың (келісім-шарттың) ұлттық валютасында к ө р с е т і л е д і ;

7 және 8-бағандарда - 2-бағанда көрсетілген тауар бойынша есептелген қосылған құн салығының ставкасы және сомасы. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды өткізу кезінде осы бағандарға сызықша қойылады;

9-бағанда - қосылған құн салығын есеп ала отырып тауарлардың әрбір атауы

бойынша жеткізушіге төлеуге тиісті сома. Қосылған құн салығынан босатылған тауарларды жеткізуші өткізген жағдайда, қосылған құн салығынсыз құны көрсетіледі ;

"Шот бойынша барлығы" жолында - 6 және 8-жолдардың жиынтық сомасы ретінде есептелген сатып алынған тауарларға сатып алушы төлеуге тиісті сома көрсетіледі .

7. Шот-фактураның түбіртегінің 1, 2, 2а, 2б, 2в, 3, 3а-жолдарында шот-фактураның негізгі бөлігінің тиісті жолдарында көрсетілген деректер көрсетіледі .

8. Шот-фактураның түбіртегінің кестесінде мыналар көрсетілуі тиіс:
1-бағанда - шот-фактураның түбіртегінің 3 және 3а жолдарында көрсетілген деректер ;

2-бағанда - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы патент құнында көзделген қосылған құн салығының сомасы. Осы бағанда екінші және одан кейінгі шот-фактураларды жасау кезінде бұрынғы шот-фактураның түбіртегінің 4-бағанында көрсетілген қосылған құн салығының сомасы көрсетіледі ;

3-бағанда - шот-фактураның негізгі бөлігінің кестесінің 8-бағанында көрсетілген сатып алушыға қойылған қосылған құн салығының жиынтық сомасы ;

4-бағанда - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында 2 және 3-бағандардың айырмасы ретінде айқындалатын қосылған құн салығының пайдаланылмаған қалдық сомасы. Жеткізушінің көрсетілген қалдық шегінде қосылған құн салығымен одан кейін шот-фактураны жазып беруге құқығы бар. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші - заңды тұлғалар үшін арнайы салық режимін қолданатын қосылған құн салығын төлеушілерге шот-фактуралар көшірмесінің ережесіне қосымша

20__ ж. "___" _____ N _____ шот-фактура (1)
Жеткізуші СТН _____ (2) Сатып алушы СТН _____ (3)
Жеткізуші атауы мен мекен-жайы Сатып алушының атауы мен мекен-жайы _____

_____ (2а) _____ (3а) Жеткізушіні
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік сериясы _____ N _____ 20__ ж. "___"
" _____ берілген (2б) Патент N _____ сериясы __ 20__ ж. "___" _____
берілген (2в) Жеткізушінің есеп шоты _____ N _____
_____ (2г) Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жеткізуге шарт (келісім-шарт) _____ N _____ (4) Шарт (келісім-шарт)

бойынша төлем шарты _____ (4а) Жеткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жеткізілетін пункті _____ (5) (

мемлекет, аймақ, облыс, қала, аудан) _____ N _____ сенімхат бойынша тауарларды жеткізу жүзеге асырылды (6) Жіберу тәсілі _____

_____ (7) _____ N _____ тауар-көлік құжаттамасының (8) Жүк жіберушінің СТН _____

_____ (9) (жүк жіберушінің атауы мен мекен-жайы) Жүк алушының СТН _____

_____ (10) (жүк алушының атауы мен мекен-жайы) _____ Р/с!

Тауарлардың ! Өлшем ! Саны !Баға! ҚҚС-сыз ! ! Өткізу. N !(жұмыстардың,! бірлігі!(көлем)! ! тауарлардың ! ҚҚС ! дің ! қызмет ! ! ! (жұмыстардың,! ! барлық !көрсетулерді)! ! ! ! қызмет ! _____ ! құны ! атауы ! ! ! ! көрсетулердің)!Ставка!Сома ! ! ! ! ! құны ! ! ! _____! _____! _____!
_____! _____! _____! _____! _____! _____ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 _____

Шот бойынша барлығы: _____

_____ Ұйым басшысы Бердім (жеткізушінің жауапты тұлғасы) _____

_____ (аты-жөні, қолы) (лауазымы) Ұйымның бас бухгалтері _____ (аты-жөні, қолы)

(аты-жөні, қолы) М.О. СК..... 20__ ж. " __ " _

_____ N _____ ШОТ-ФАКТУРАНЫҢ ТҮБІРТЕГІ (1) Жеткізуші СТН _____

_____ (2) Сатып алушы СТН _____ (3) Жеткізуші атауы _____

_____ Сатып алушының атауы мен мекен-жайы _____ (2а)

_____ (3а) ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік сериясы _____ N _____ 20__ ж. " __ " _____ берілген (2б) Патент N _____

_____ сериясы __ 20__ ж. " __ " _____ берілген (2в) _____ сатып

алушының атауы, СТН ! Патент құнында ! Сатып алушыға ! ҚҚС қалдығы және мекен-жайы ! көзделген ҚҚС ! қойылған ҚҚС ! (теңге) ! сомасы (теңге) ! сомасы (теңге)! _____! _____! _____! _____!

_____ 1 2 3 4 _____

_____ Жеткізуші (ұйым басшысы) СК төрағасы _____

_____ (аты-жөні, қолы) (
аты-жөні, қолы) Мамандар: Омарбекова А.Т. Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК